RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
# АЙҒАҚ
MEDIA
№ 25-26
/sársenbi/
24 maýsym
2020 жыл
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Jýldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaqy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

Анонс!



Заутбек ТУРИСБЕКОВ:
**КАК ЭТО БЫЛО...**

## ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНА 2 ЖЫЛ

Өткен жұмада Түркістан облысының құрылғанына 2 жыл толды. Осыған орай облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев түркістандықтарды арнайы құттықтап, екі жылда еңсерілген жұмыстарға тоқталды.

Өңір басшысы түркі дүниесінің көшбасшысына айналған Нұрсұлтан Назарбаевтың 2018 жылғы 19 маусымдағы тарихи тағылымды Жарлығы Түркістанның түлеуіне ерекше серпін бергенін атап өтті. Содан бергі 2 жылда Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің артып келе жатқанын да тілге тиек етті.



«Осыдан тура екі жыл бұрын маусым айында Ұлы Түркістан даласында үлкен жаңалық болғаны белгілі. Қазақстанның ғана емес, мен Түркістан облысы құрылды. Елбасының арқасында түркі әлемінің текті төрі Түркістан қаласы өңір орталығына айналды. Көреген көшбасшымызға ұзақ өмір, қажымас қайрат тілеп, бүкіл түркістандықтар атынан шынайы Алғысымызды да жеткізгім келіп отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев та өз тарапынан жаңа Түркістанның өрлеуіне барынша қолдау жасап, жан-жақты дамуын тікелей қадағалап отыр.

Тарихи өлшеммен қарасақ бұл өте қысқа уақыт, алайда атқарылған қыруар жұмыс нәтижесінде Түркістанның жаңа келбеті, жаңа болмысы қалыптасып келеді», - деді Ө.Шөкеев.

Ең басты мақсат - Ұлы Жібек Жолы бойындағы Түркістан қаласын өмір сүруге ыңғайлы, жайлы ету. Қазіргі таңда да «Батыс Қытай –Батыс Европа» халықаралық дәлізінің бойындағы шаһарда темір жол өтеді, жыл соңына дейін іске қосылатын Халықаралық аэропорт – қаланың өсу потенциалын тағы да арттыратыны сөзсіз.

Соңғы 2 жылда Түркістан облысының экономикасына түрлі қаржы көздері бағытталды. Бір ғана Түркістан қаласына салынған инвестиция көлемі 160 млрд теңгеден асты. Өңіріміз ауыл шаруашылығы, құрылыс, мәдениет, спорт, инвестиция тарту және басқа салаларда да нақтылы ілгерілеушіліктерге жетті. Толағай табыстардан бөлек, Өмірзақ Естайұлы облыста соңғы жылдары бірқатар қиындықтар да орын алғанын жасырмады. Бұл қиындықтарды бірге еңсеріп келе жатқан облыс жұртшылығына алғысын білдірген өңір басшысы түркістандықтарды жаңа тарихтың жазылуына үлес қосуға шақырды.

**Салтанат ТОЙБОЛОВА.**

## ҚАЛА КҮНІНЕ ОРАЙ 90 АЗАМАТ ШАҢЫРАҚ ИЕСІ АТАНДЫ



Өткен аптада Елбасының тарихи шешімінің арқасында Шымкент қаласының республикалық маңызы бар қала статусына ие болғанына тура екі жыл толды. Қала күні мерекесіне орай 90 тұрғынға жаңа пәтердің кілті табысталды. Пәтерге қол жеткізгендердің қатарында ҰОС ардагері Халил Ергешов та бар. Қала әкімі Мұрат Әйтенов қуаныш иелерін карантин режиміне байланысты онлайн құттықтады.

«Ұлы Отан соғысында бейбіт заман үшін барын берген Сіздей батырдың бүгін қоныс тойын тойлайтынына қуаныштымын. Өзіңізді шын жүректен құттықтаймын! Өкінішке орай, әлемді жайлаған аты жаман індет басылмай тұр. Сол себепті, сақтық шараларын сақтау үшін сізді онлайн құттықтауға тура келді»- деді қала басшысы.

Қала күні қарсаңында баспаналы болғандар қатарында 65 көпбалалы отбасы, әлеуметтік аз қамтылған 24 жанұя бар. Жалпы жыл соңына дейін тағы 1 144 пәтер беріледі деп жоспарланып отыр. Оның 300-і жұмыс істеп жүрген жастарға, 450 пәтер көпбалалы отбасыға, 192-сі әлеуметтік аз қамтылған жанұяға беріледі.

Миллионды қала тұрғындары үшін басапана мәселесі бірінші кезекте болса, биыл қалада жалпы алаңы 1 млн шаршы метрден асатын көпқабатты 248 тұрғын үйдің құрылысы жүргізіліп жатыр. Оның ішінде ауданы 594 мың шаршы метрді құрайтын 126 тұрғын үй жеке инвесторлардың қаржысына салынуда. Инвестиция көлемі 150 млрд теңгені құрайды.

Жеке инвесторлардың қатарында құрылыс саласының үздіктері болып саналатын «BI Group», «Highvill Kazakhstan» ЖШС, «Отау-Строй» ЖШС, «FEB Group» ЖШС, «Оңтүстік Құрылыс Сервис» ЖШС, «South Company» ЖШС, «Заманауи құрылыс бұйымдары» ЖШС, «Корпорация Сити-строй» ЖШС секілді отандық компаниялар бар.

Айта кетейік, инвесторлар биыл 33 үйдің құрылысын аяқтауды жоспарлап отыр. Қалған 93 үй 2021 жылы пайдалануға беріледі.

Сондай-ақ, «Shymkent» ӘКК» АҚ тарапынан 24 тұрғын үй салынды. Аталған үйлер «7-20-25» бағдарламасы арқылы беріледі.

**Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**

Баспасөз-2020

«Айғақ» газетіне
2020 жылға жазылу



Құрметті оқырман!

| | 1 айға | 6 айға |
|---|---|---|
| Редакцияда жазылу | 220 теңге | 1320 теңге |
| Пошта арқылы жазылу | 277,59 теңге | 1665,54 теңге |



## Абайдың қара сөздері

### ЖИЫРМА ЕКІНШІ ҚАРА СӨЗ

Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлеймін деп ойладым.

Байды қадірлейін десең, бай жоқ. Бай болса, өз басының, өз малының еркі өзінде болмас па еді? Ешбір байдың өз малының еркі өзінде жоқ. Кей бай өзі біреумен күш таластырамын деп, жүз кісіге қорғалауықтығынан жалынып, малын үлестіріп жүр. Ойлайды: жалынтып бердім деп, ақымақтығынан. Жоқ, өзі жалынып беріп жүр. Қайыр да емес, мырзалық та емес, өз елімен, өз жерімен ойраңдасып, ойсыздарға қойнын ашып, малын шашып жүр. Кей байлар, елдегі құттылар, сүттілер берекелесе алмаған соң, кеселді қулар көбейіп кетіп, көп қорқытып, іздеген нәрсесі жоқ, еріксіз кім болса соған жеміт болып жүр.

Мырзаларды қадірлейін десең, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза иттен көп. Біреу бір пайдама келтірем деп мырза болып жүр. Біреулер к...не құрым киізді тұзға малшып тыққан соң есі шығып, мырза болып, еріксіз кім болса соған талтайып емізіп жүр.

Болыс пен биді құрметтейін десең, құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ.

Мықтыны құрметтейін десең, жаманшылыққа елдің бәрі мықты, жақсылыққа мықты кісі елде жоқ. Есті кісіні тауып құрметтейін десең, әділет, ұят, нысапқа есті кісі елде жоқ. Қулық, сұмдық, арамдық, амалға елдің бәрі де есті. Ғаріп-қасар бишараны құрметтейін десең, жатқан түйеге міне алмаса да, ол момындыққа есеп емес. Егер мінерлік жайы болса, бірдемені ептеп ілерлік те жайы бар.

Енді қалды қу мен сұм, олар өзі де қуартпай, суалтпай тыныштық көрер емес.

Жә, кімді сүйдік, кімнің тілеуін тіледік? Өзі құрттанып шашылған болыс-билер тұра тұрсын. Енді, әлбәттә, амал жоқ, момындығынан «Ырыс баққан дау бақпас» деген мақалмен боламын деп, бергенінен жаға алмай, жарымын беріп, жарымын тыныштығымен баға алмай, ұры, залым, қуларға жеміт болып жүрген шын момын байларды аямасаң һәм соның тілеуін тілемесең болмайды. Сонан басқаны таба алмадым.

### ЖИЫРМА ҮШІНШІ ҚАРА СӨЗ

Біздің қазақты оңдырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбаныш дегендер бар.

Оның қуанышы - елде бір жаманды тауып, я бір адамның бұл өзі қылмаған жаманшылығы шықса, қуанады. Айтады: құдай пәленшеден сақтасын, о да адаммын деп жүр ғой, оның қасында біз сәулелі кісінің бірі емеспіз бе, оған қарағанда мен таза кісі емеспін бе? - деп. Оған құдай тағала айтып па, пәленшеден тәуір болсаң болады деп? Я білгендер айтып па, әйтеуір өзіңнен наданшылығы асқан, я жаманшылығы артылған кісі табылса, сен жаманға қосылмайсың деп? Жаманға салысып жақсы бола ма? Жақсыға салысып жақсы болады дағы. Жүз ат бәйгеге қосылса, мен бәйге алдым деген сөз болса, алдында неше ат бар деп сұрар, артында неше ат бар еді деп сұрағанның несі сөз? Мен бес аттан, он аттан ілгері едім дегеннің несі қуаныш?

Енді жұбанышы - жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүр ғой, көппен көрген ұлы той, көппен бірге болсақ болады да деген сөзді жұбаныш қылады. Оған құдай тағала айтып па, көптен қалмасаң болады деп. Көпке қаҺарым жүрмейді деп. Көпке тұзағым жетпейді деп пе? Ғылым көпке келіп пе? Біреуден тарап па? Хикмет көптен тарай ма? Бірден тарай ма? Көпке қорлық жүрмей ме? Бір үйдің іші түгел ауырса, жеңіл тие ме? Жер білмеген көп адам адасып жүрсе, бір жер білетұғын кісінің керегі жоқ па екен? Көп кісі жолаушының бәрінің аты арығаны жақсы ма? Жоқ, жармысы арыса, жармысының күйлісі жақсы ма? Жұт келсе, елдің бәрінің түгел жұтағаны жақсы ма? Жарым-жартысы аман қалғаны жақсы ма? Осы көп ақымақтың бір ақымаққа несі жұбаныш? Тұқымымызбен аузымыз сасық болушы еді деген жаман күйеу қалыңдығын жеңіп пе? Көңілін сол сөзі разы қылуға жетіп пе? Ендеше, көбіңнен қалма, сен де аузыңды сасыта бер деп пе?!

## Тағайындау

### Нұрлан АЛДАМЖАРОВ -

*ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитетінің төрағасы*



Қазақстан Республикасының экология, геология және табиғи ресурстар министрінің бұйрығымен Нұрлан Жанұзақұлы Алдамжаров ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитетінің төрағасы қызметіне тағайындалды, - деп хабарлайды primeminister.kz

Нұрлан Жанұзақұлы Алдамжаров 1975 жылы 12 қыркүйекте Ташкент қаласында дүниеге келген. 1999 жылы Ташкент инженерлік ирригация және механизация ауыл шаруашылығы институтын «инженер-гидротехник» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 1999 жылы Ташкент қаласында «Ташоблмелиоводстрой» трестінің №5 механикаландырылған өндірістік колоннасының 4 разрядты монтажнигі болып бастаған.

Түрлі жылдары мемлекеттік және коммерциялық құрылымдарда еңбек еткен.

2014-2015 жылдары — ОҚО Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы, Оңтүстік Қазақстан облысы Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және жолаушылар көлігі басқармасының басшысы.

2015-2016 жылдары — «Нұр Отан» партиясының орталық аппараты ұйымдастыру-бақылау жұмысы департаментінің директоры, партиялық бақылау қызметінің басшысы.

2016 жылдан бастап 2018 жылға дейін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарды.

2018-2020 жылдары — Жамбыл облысы Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы.

### Олег ПОЧИВАЛОВ -

*Шымкент қалалық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы*



Шымкент қалалық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы болып Олег Владимирович Почивалов тағайындалды. Олег Владимирович - бұған дейін "Қазақстан спорттық ату федерациясы" ҚБ"-ның бас хатшысы, Азия ату конфедерациясы Бас Ассамблеясының атқарушы комитетінің мүшесі (ASC),

"Ату түрлерінен олимпиадалық даярлау орталығы" РМҚК"-ның директоры қызметтерін атқарған. Сондай-ақ, стенд ату бойынша Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы. Олег Владимировичтің жетекшілігімен Олимпиада лицензияларының иегерлері, Олимпиада ойындарына қатысушылар, Азия ойындарының көптеген чемпиондары мен жүлдегерлері, Әлем кубоктарының жүлдегерлері тәрбиеленді!

Олег Владимирович Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде ату спортының дамуына үлкен үлес қосты!

# КОРОНАВИРУС ІНДЕТІНІҢ ТАРАЛУ ҚАУПІ СЕЙІЛГЕН ЖОҚ



Коронавирус індетіне қарсы күрестегі оң нәтижеге қарамастан, оның таралу қаупі сейілген жоқ. Азаматтардың денсаулығына зиян келтірмеу үшін, әсіресе, көпшілік жиналатын жерлерде қауіпсіздік шараларын сақтауға шақырамын.

Карантин режимі жеңілдетілгенімен, әлі де сақталуда. Сондықтан дәрігерлердің кеңесіне құлақ салып, талаптарын орындағанымыз абзал болады.

Қазақстан көршілес мемлекеттер арасында алғашқылардың қатарында коронавирусқа қарсы әрекеттер жасады. Төтенше жағдай кезінде, карантиндік шектеулерден азаматтарымыз біраз қолайсыз жағдайларға ұшырады. Бұл әрине өкінішті, бірақ басқа амал жоқ.

Медицина саласы қызметкерлерінің білікті және қайратты еңбегінің арқасында халыққа сапалы қызмет көрсетілуде. Дегенмен, оның нәтижелі болуына карантин талаптарын бұлжытпай орындалуы керек екені белгілі. Сондықтан, отбасы, ағайын-туыстың және қала берсе еліміздің келешегі өз қолымызда екенін ұмытпайық!

Өкінішке орай, індет Елбасыны да айналып өтпеді. Оған қарамастан, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қашықтан жұмыс істеп жүр. Бірнеше ел президенттері өз ниеттерін білдіріп, Қазақстанның Тұңғыш президентіне сауығып кетуін тіледі. Мен де шын жүректен тілектес екенімді айтқым келеді. Сонымен бірге, басқа да отандастарымызға сауығып, отбасыларымен қауышқандарын тілеймін.

Осы орайда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халыққа Жолдауларында індетке қарсы шараларды айта отырып, сабырлыққа шақырды. Өзінің тікелей тапсырмасымен індетпен күресуге қосымша қаржы бөлініп, халыққа қолдау көрсетіліп жатыр.

Құрметті отандастар!

Өмір болған соң әртүрлі жағдай орын алып жатады. Осы ретте, атадан қалған сөз «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген бар. Осыдан «Біз біргеміз» дегеніміз, ұранға айналды. Мақтааралдық ағайындарымыз оны іс жүзінде сезінді. Су басу салдарынан зардап шеккен отандастарымызға еліміздің түпкір-түпкірінен көмек лезде жеткізілді. Күн демей, түн демей көршілес ауыл азаматтары келіп, елді мекендерді су басудан қорғады.

Жақсылықтың ерте кеші болмайды деген бабалар! Ел басына іс түскенде қасынан табылу ол борышымыз! Ағайын мен жолдастың қайғысын бөлісу ол парызымыз! Ал, карантиндік жағдайдың талабын орындап, барынша сақтану көпшілік алдында және әріптестерімнің алдында жауапкершілігім деп білемін.

Сол себепті ағайындар, әр жағдайға түсіністікпен қарап, кешірімді болайық. Әрбір істің соңы қайырымды болсын. Болған іске болаттай болайық!

Парламент Мәжілісі депутаттарының, дәрігерлердің барлық талаптарын орындап, қашықтықта жұмыс жасап жүргеніне үш айдан асты. Жұмыс кестесі жоспарлы түрде маңызды істерге толы. Өзіндік қиындықтары бар. Дегенмен, әрбір әріптесім сапалы заң шығаруға ат салысып, халқымыздың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында депутаттық сауалдар жолдауда.

Жеңісті күндеріміз көп болсын!

**Құдайберген ЕРЖАН,**
*ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Nur Otan» фракциясының мүшесі.*

# «ЕЛБАСЫ МЕДАЛІ» - ЖОБАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ ҚАНДАЙ?




Жастардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға арналған «Елбасы Медалі» жобасы басталды. Бағдарлама негізгі 7 бағыттан тұрады. Олар: спорт, дарындылық пен дағдыны дамыту, кітап оқу, волонтерлік, ұлттық мұра, туристік және жұмыс тәжірибесі. Бағдарлама 14 пен 29 жас аралығындағы балалар мен жастарға арналған. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасының басшысы Рақымбек Жолаев мәлімдеді.

«Елбасы медалі» бағдарламасын "El Umiti" бастамасы аясында ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының және «Елбасы Академиясы» Корпоративтік қоры жүзеге асырады. Бағдарлама 14-29 жас аралығындағыларға арналған. Ол үш деңгейде болады: қола, күміс және алтын. Қолаға 14 жастан, күміске 15 жастан, алтынға 16 жастан бастап қатысушылар үміттене алады. Әр деңгейде қатысушылардың сабақ ұзақтығы мен жиілігіне қойылатын талаптар ұсынылған», - деді басқарма басшысы.

Сондай-ақ, баспасөз мәслихатына қатысқан «Елбасы Медалі» бағдарламасының Түркістан облысы бойынша координаторы Қайырым Әнуарбеков медальді алу ережесі мен оның жеңілдіктерімен таныстырды.

«Бағдарлама ерікті түрде. Жастарға міндеттелмейді. Бағдарламаға қатысу үшін me.fpp.kz сайтында тіркелу қажет. Қосымша ақпарат алу үшін 7170 call-орталығына хабарласуға болады. Әр деңгейде қатысушылардың сабақтарының ұзақтығы мен жиілігіне талаптар қойылады. Қола деңгейге жету үшін 6 ай, күміске 12 ай және алтынға 18 ай қажет. Қатысушылар өздерінің жетістіктерін бағалайтын тәлімгерлермен жұмыс істейді. Бағдарламаның негізгі міндеті 7 бағыт бойынша мақсат қойып, оларға жүйелі түрде қол жеткізу. Жоба алдағы уақытта білімді және табысты жас азаматтың символына айналатынына сенімдіміз. Медаль иегерлері баллдары тең болған жағдайда, ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру гранттарын алуға басым құқыққа ие болады. Біздің өңір «Елбасы Медалі» бағдарламасының үздік қатысушылар қатарында болады деп үміттенемін», - деді ол.

Бағдарламаға қатысу арқылы жастар өз уақыттарын басқаруды, алдына мақсат қоюды және оларға жүйелі түрде қол жеткізуді үйренеді; салауатты өмір салтын ұстанатын болады және өзін-өзі үнемі дамытады. Бағдарлама қатысушылары алтын, күміс және қола медальдермен марапатталады.

**Түркістан.**

# ЖЕТІСАЙДА БІРҚАТАР КӨШЕ ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ



Түркістан облысы халқының әлеуметтік мәселесі жыл өткен сайын өз шешімдерін кезең-кезеңімен табуда. Инфрақұрылым мәселесінің түйіні шалғай аудан ауылдарда да біртіндеп шешілуде. Соның бірі Жетісай ауданындағы жолдардың жаңаруы.

Ағымдағы жылы Мырзашөл аймағында 200-ден аса көше орта және ағымдағы жөндеуден өтетін болады. Оған жалпы 1 млрд 217 млн 869 мың теңге бөлінген. Нәтижесінде Жетісай ауданындағы 113 елді мекеннің және 1 қала мен 1 кенттің көшелері жақсарады.

Аудан бойынша 38 көшеге орта жөндеу жұмыстары жүргізілсе, оның 33 көшесі ауылдағы көшелердің еншісінде. Ал, 162 көшеге ағымдағы, яғни тас төсеу жұмыстары жүргізілетін болады. Қосымша 3 көшеге аяқ жолдар салу жұмыстары жүргізілмек.

«Өткен жылы ауданда 166 көше жөндеуден өтсе, биыл 200-ден асып отыр. Бұл аудан тарихында рекордты жол жөндеу жұмыстары басталды деген сөз. Сондай-ақ, облыс әкімі Өмірзақ Естайұлының арнайы тапсырмасымен 63 шақырымды құрайтын 130 көшеге ағымдағы жол жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Оның құрылыс жұмыстары биыл басталады», - деді аудан әкімі Жамантай Бейсенбаев.

Сонымен қатар, ұзындығы 20 шақырымға жуық «Жетісай - Мақталы» бағытындағы КХ86 автомобиль жолы жөндеуден өтетін болады.

**«Айғақ»-ақпарат.**

## Бұл аптада кімдер туылған?



**24.06.1952 ж.**
***Бақытжан Ертаев***
*ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халық қаһарманы, генерал-лейтенант*

**25.06.1957 ж.**
***Нұржан Әжіметов***
*«Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС бас директоры*

**28.06.1942 ж.**
***Қалық Абдуллаев***
*«Парасат» орденінің иегері, Түркістан облысының Құрметті азаматы, «Академик Ш.Шокин атындағы Қазақ Ғылыми Энергетика зерттеу институты» АҚ басқарма төрағасы, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі, «Атакент» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, э.ғ.к.*

**30.06.1949 ж.**
***Ханбибі Есенқарақызы***
*ақын*

***Құрметті туылған күн иелері! Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!***

# АГРАРЛЫ АЙМАҚТЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТУДА



Түркістан облысының агроөнеркәсіп кешені республикада ерекше орын алады. Еліміздегі ауыл шаруашылығының жалпы өнімі көлемінің 12%-ы облысқа тиесілі. Ағымдағы жылы ауыл шаруашылығы дақылдары 825,4 мың гектарға егіліп, Түркістан облысы құрылғалы бері егіс көлемі 12 мың гектарға артты. Бұл туралы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрбек Бадырақов мәлімдеді.

Ағымдағы жылы облыс бойынша масақты дақылдардан 477,4 мың тонна, дәндік жүгеріден 202,8 мың тонна, майсарыдан 74,4 мың тонна, мақтадан 334,8 мың тонна, көкөніс, бақша, картоптан 2 млн 760 мың тонна өнім алу жоспарланған.

Сонымен қатар, өңірде тамшылатып суғару әдісі қосымша 1,7 мың гектарға ұлғайып, жалпы көлемі 19,3 мың гектарға жетті. Ал, жылыжайлар 55,02 гектарға салынып, жалпы көлемі 1 168 гектарды құрады. Бүгінгі күнге, жылыжайларда жалпы 88,2 мың тонна өнім өндірілді.

Жалпы Түркістан облысы аграрлық аймақ екенін ескерсек, саланың осы бағытта дамуына ауқымды жұмыстар атқарылуда. Егіншілік шаруашылығының маңыздылығын арттыруда тәжірибе алмасу және біліктілікті арттыру мақсатында өткен аптада Кентау қаласында семинар өтті. «Егінжай – 2020» атты ауылшаруашылық облыстық семинар-кеңеске облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев, облыс әкімінің орынбасары Ұлан Тәжібаев, аудан, қала әкімдері, ғылыми институт басшылары, ғалымдар, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері мен бірқатар инвесторлар қатысты.

Бүгінгі семинар агроқұрылымдарды ірілендіре отырып, заманауи озық технологияларды енгізу бағытында өткізіліп отыр. Осы бағыт аясында Түркістан қаласы аумағында 1458 шаруашылық 9 кооперативке бірігіп, 11 мың гектарға жаңбырлатып суару технологиясын ендіру көзделген болатын.

Биылғы жылы Түркістан облысында 825,4 мың гектар ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, меже 100 пайызға орындалған. Соңғы екі жылда Түркістан облысында егіс көлемі 12 мың гектарға артқан. Егістікті әртараптандыру мақсатында биылғы жылы мал азықтық дақылдарға ерекше көңіл бөлініп, өткен жылмен салыстырғанда егіс көлемі 10 мың гектарға өсіп, 211,1 мың гектарға жеткен.

Семинарда сөз алған облыс әкімі Мемлекет басшысы тапсырмасына орай Түркістан облысының табиғи-климаттық жағдайын, мүмкіндігін ескере отырып, негізгі 3 бағытты дамытуға басымдық берілетінін тілге тиек етті.

«Бірінші бағыт – агроқұрылымдарды ірілендіре отырып, заманауи озық технологияларды енгізу. Екінші бағыт – «Бір алқаптан жылына 2-3 өнім алу» жобасын кеңінен ендіру. Үшінші бағыт – жеке үйіргелік қосалқы шаруашылықтардың ауласына тамшылатып суғару технологиясын ендіру арқылы ерте пісетін көкөніс, картоп, бақша өнімдерін өндіру», – деді Өмірзақ Естайұлы.

Семинар барысында Түркістан қаласын көркейту мен абаттандыру және дамуына қосқан сүбелі үлесі үшін қала, аудан әкімдері мен басқарма басшыларын Түркістан облысы әкімінің Алғыс хатымен марапаттады.

Бұдан бөлек Өмірзақ Естайұлы «Түркістан Агро XXI» ЖШС-ің алқабында Түркістан облысында алғашқы рет жаңбырлатып суғару технологиясымен егілген күздік бидайды ору науқанына қатысты. Сондай-ақ, ғалымдардың ұсыныс-пікірлері тыңдалып, екінші өнімге жүгері дақылын егу үшін топырақ өңдеу тәжірибесі көрсетілді.

Түркістан қаласы айналасында азық-түлік белдеуі қалыптасып келеді. Қазіргі таңда Түркістан облысында ерте пісетін 245,4 мың тонна көкөніс, пленка астында егілген, яғни ерте пісетін 11 мың тонна бақша, 22,3 мың тонна картоп пен 2 мың тоннаға жуық жеміс-жидек жиналған. Бұдан бөлек, 727,2 мың тонна мал азығы дайындалған. Жалпы Түркістан облысында ауыл шаруашылығы жалпы өнімі 140 млрд. теңгені құрап, нақты көлем индексі 102,1 пайызға жетіп отыр. Жыл соңында ауыл шаруашылығы өнімі өткен жылдан 77 млрд. теңгеге артып, 706,0 млрд.теңгені құрайтын болады.

Аптаның екінші жартысында Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев аудандық ардагерлер кеңестерінің төрағаларымен және мәслихат депутаттарымен бірге Қазығұрт ауданында егістік алқаптарды аралап, астық ору науқанының барысын бақылады.

Сапар барысында алдымен Қ. Әбдалиев ауыл округіндегі «Тілеуберді» шаруа қожалығында болып, алқапта жайқалған егінге оң бағасын берді. Жиырма жылдан астам уақыт бойы егін шаруашылығымен айналысып келе жатқан шаруа қожалығының 1500 гектар жерге жуық алқабында бидай, арпа, мақсары мен жоңышқа егілген. 7 дана астық ору комбайны мен 15 шаруа тынымсыз еңбектенуде. Былтыр астықтың әр гектарынан 20 центнер егін алынған болса, биыл одан жоғары өнім алу жоспарланып отыр.

«Биыл жауын-шашын көп жауып, мол егін жинауға қолайлы жағдай болды. Ауданда жұмыс қарқынының ілгерілігі де байқалады. Астық қорының мол болуы аса маңызды. Халықты өз өнімімізбен қамтамасыз етуіміз қажет. Сол себепті аянбай еңбек етіңіздер. Ауданда ауыл шаруашылығын қарқынды дамытуға барынша қолдау көрсетіледі», – деді аймақ басшысы.

Облыс басшысы бұдан соң Қызылқия елді мекенінде үй іргесінен жеке қосалқы шаруашылығын дөңгелеткен шаруа қожалығының жұмысымен танысты. Диқандар тамшылатып суару жүйесін тиімді пайдалана отырып, тәтті бұрыш өсірумен айналысады. Жылдық өнімі 40 тоннаны құрайды. Қожалық егесі жобаға 5 млн. теңге қаржы құйған. Еңбекқор диқан қосымша ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтуда. Жалпы, Қазығұрт ауданында шаруалар 44 мың 221 гектарға егін еккен.

# МАҚТААРАЛДЫҚТАРҒА 66 МИЛЛИОН ТЕҢГЕГЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ




Мақтаарал ауданына Түркістан облысы әкімінің орынбасары Сәкен Қалқаманов, ҚР Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Сатыбалды Дәулеталин және Өзбекстан Республикасы Жизақ облысы кәсіподақтар кеңесінің төрағасы Нусуратулла Пардаев барды.

Екі жақтың келісімімен Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы (ҚРКФ) және Өзбекстан Кәсіподақтар федерациясы (ӨКФ) тарапынан мамыр айының басында Өзбекстандағы Сардоба су қоймасының бұзылуы салдарынан болған су тасқынынан зардап шеккен елді мекен тұрғындарына қайырымдылық көмек көрсетілді.

Қазақстан және Өзбекстан делегациясы «Өргебас» және Фирдоуси ауылдарына барып, су апаты зардаптарын жою барысындағы атқарылған жұмыстардың барысымен және «Достық», «Жеңіс», «Жаңа-тұрмыс» елді мекендеріндегі су тасқыны кесірінен баспанасыз қалған азаматтарға салынып жатқан тұрғын үйлердің құрылысымен танысты.

Сондай-ақ, екі елдің кәсіподақ төрағалары Мырзакент кентінде жергілікті тұрғындармен және су апатынан зардап шеккен елді мекендердегі мектеп басшыларымен кездесті.

ҚРКФ басшысы Аманжолов, Мүсірепов, Фирдоуси атындағы орта мектептер мен «Нұрлы жол» елді мекеніндегі білім ұясына бірқатар заттар табыс етті.

Сонымен қатар, су тасқынынан зардап шеккен елді мекендердің 100 тұрғынына ҚРКФ қарасты шипажайларына жолдама беріліп, ем қабылдауларына мүмкіндік жасалынып отыр. Тегін жолдамалар зейнеткерлер, мұғалімдер мен көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға да берілді.

Апаттан зардап шеккен ауданның мұғалімдеріне Республикалық білім және ғылым қызметкерлері салалық кәсіподағы тарапынан да елеулі қолдау көрсетіліп, 365 білім саласы кәсіподақ мүшесіне материалдық көмек ретінде 35 мың теңгеден берілді. ҚР Кәсіподақтар федерациясының мүшелік ұйымдары 50 млн. теңгенің көмегін көрсетті.

Өзбекстан кәсіподақтары жалпы сомасы 16 миллион теңге көлемінде гуманитарлық көмек алып келді. Соның ішінде алғашқы қажеттілік тауарлары, құрылыс материалдары, төсек-орын жабдықтары мен азық-түліктер бар.

Бетті дайындаған: Сандуғаш ӘБДІҒАППАР.

# МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ



Түркістан облысы әкімінің орынбасары Жолдымұрат Аманбаев медицина қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, еңбегімен дараланған ақ желеңді абзал жандарды “Облысқа сіңірген еңбегі үшін” төсбелгісімен, “Еңбек ардагері” және“Денсаулық сақтау ісінің үздігі”, “ Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін” медальдарымен марапаттады.

“Бүкіл әлемді дүрліктірген пандемиямен күресте сіздердің еңбектеріңіз ерен. Қарусыз майданда күні-түні тынымсыз еңбек етіп, талай жанның өмірін арашалап келесіздер. Сіздерге мың алғыс айтамыз“,-деді облыс әкімінің орынбасары.

Облыстық қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы Марат Пашимов өз кезегінде медицина саласын жетілдіру мақсатында, өңірде мамандардың біліктілігін жоғарылату жүйелі түрде жүзеге асырылып жатқандығын атап өтті.

«Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау» бағдарламасы бойынша 2020 жылдың 5 айында 823 маман біліктілігін арттырды. Оның ішінде 44 маман Ресейдің Новосибирск, Санкт-Петербург қалаларында біліктіліктерін арттырып, әріптестерімен тәжірибе алмасты. Биылдың өзінде мамандардың жоғары кәсіби деңгейлерінің арқасында Түркістан облыстық клиникалық ауруханасында 17 және облыстық балалар ауруханасында 80 күрделі ота жасалған. Емдеу мекемелерінің медициналық құрал-жабдықтары да үздіксіз толықтырылуда. Биыл жансақтау бөлімшелері 7 дана лопороскопиялық хирургияға арналған видеоэндоскоптық жиынтықпен, 9 дана ультрадыбыстық жүйелермен, 38 дана наркоз аппараттары мен өкпеге жасанды дем беру құрылғылары, 1 дана компьютерлік томограф құрал – жабдықтарымен жабдықталды.

Жалпы, қазіргі танда облыс бойынша 5202 дәрігер және 18120 орта буын медицина қызметкері жұмыс істейді. Қазіргідей қиын-қыстау әрі, өтпелі кезеңде әр қайсысының еңбегі ерен, орны ерекше. Карантин режиміне байланысты қалған медицина қызметкерлерінің марапаттары жұмыс орындарына жолданды. Облыс бойынша биыл «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісімен, «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен, «Құрмет грамотасы» және «Еңбек ардагері» медалімен, Алғыс хатпен және коронавирус індетімен күресте алдыңғы шепте жүрген мамандар «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» мен «Халық алғысы» медалімен 200-ге жуық медицина қызметкері марапатталып отыр.

# Мәдени астананың шаралары

2017 жылғы 11 қазанда Сочиде өткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мемлекет басшылары кеңесінің отырысында 2020 жылы Шымкент қаласы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) мәдени астанасы болып белгіленіп, «Шымкент 2020 - ТМД-ның мәдени астанасы» жылының ресми, салтанатты ашу рәсімін қаладағы «Қажымұқан» атындағы орталық стадионда өткізу жоспарланған болатын. Алайда, әлемде COVID-19 коронавирус инфекциясының таралуына байланысты бұл жоспар тоқтатылды.

Қазіргі таңда, қала әкімі М. Әйтеновтың бастамасымен және қолдауымен 2020 жылғы 19 маусымда Шымкент қаласының күніне орай телевизиялық нұсқада «Шымкент 2020 - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мәдени астанасы» жылының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Ашылу рәсімін өткізудің әзірленген тұжырымдамасына сәйкес, телевизиялық форматқа концерттік және ресми бөлімі көрсетілді. Көрсетілімінің алдында Шымкент қаласының әкімі Мұрат Дүйсенбекұлы Әйтеновтің шаһар тұрғындары мен қонақтарына үндеу арнады. Концерттік бағдарлама келесі бөлімдерден тұрады – «Интро», «Ұлы мұраның бастауы», «Ұлы Жібек жолы – Шығыс пен Батыс арасында» және «Шымкент – аңыздар қаласы»,«Қазақ халқының ағартушылары», «Менің Елім».

Басты кейіпкер – қыз, Шымкент қаласының тұрғыны, таңертеңгі күн сәулесімен далаға қарай жүгіріп, қолында іс-шара логотипі бар батпырауықты ұстап тұрады. Осылайша, өңірдің табиғи сұлулығы - оның жайлауы бар ландшафты, қар басқан таулар мен қаланың көрікті жерлерінің суретіне Мәдениет жылының тақырыбы кіреді. Шығармада елдің ұлттық және мәдени ерекшеліктерінің шығу тегі, тамыры туралы айтылады.Ұлы тарих пен аңыздардан тұратын қазақ даласы басты образға айналды.

Оның ішінде 2014 жылдан бастап Шымкент тұрғын алабы болған, қазіргі уақытта Сайрам, ежелгі Исфиджаб - халықаралық магистральдағы ірі сауда және мәдени орталықтың тарихы көрсетілетін болады. Сондай-ақ, 2200-жылдығы ЮНЕСКО-ның 2020 жылғы атаулы күндер халықаралық күнтізбесіне енгізілген Шымкенттің тарихы да көрсетілді.

Көрермендердің назарына ежелгі ұлы ойшылдар мен тұлғалар шығады: Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Яхмет Яссауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыр, Әйтеке би, Ұмай ана, Домалақ ана, Абай, Шәмші Қалдаяқов. Сонымен қатар, Шымкенттің ең әдемі орындары мен көрікті жерлері көрермен назарына ұсынылды.

Ресми бөлімі ТМД Атқарушы комитетінің төрағасы Сергей Лебедевтің, Мемлекетаралық гуманитарлық ынтымақтастық қорының (МГЫҚ) Басқарма төрағасы, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі кеңесіндегі Әзірбайжан республикасының өкілі Полад Бюльбюль оглы және МГЫҚ Басқармасының тең төрағасы, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі кеңесіндегі Ресей Федерациясының өкілі Михаил Швыдкойдың бейне үндеулерін қамтыды.

Елімізде орын алған Төтенше жағдайға байланысты қала күні мерекесі аясында жергілікті телеарналар мен әлеуметтік желілерде онлайн форматта көптеген танымдық, мәдени-сауықтық шаралар, поэзиялық сағаттар, фестиваль-байқаулар, көрмелер өтті. Атап айтқанда,

2020 Шымкент
ТМД ЕЛДЕРІНІҢ МӘДЕНИ АСТАНАСЫ
КУЛЬТУРНАЯ СТОЛИЦА СНГ

ТМД және еліміздің өнерпаздарының қатысуымен «Шуақ шашқан, Шымқалам!» атты мерекелік концерттік бағдарламасы, «Shymkent-Fest» онлайн өнер фестивалі аясында «2200 жылдық шежірелі Шымкент» Республикалық онлайн ақындар айтысы, «Ғажайып қала - Шымкент» жазба ақындар арасында онлайн мүшайра, «Ертегі қала - Шымкент» фотографтар арасындағы онлайн байқауы, «Балалар көзімен - Шымкент» жас суретшілер арасындағы сайыс, «Қайырымды қала - Шымкент» оқырмандар арасындағы онлайн оқу және ТМД шығармашылық ұжымдары мен өнерпаздарының құттықтаулары көрерменге жол тартты.

Жалпы, індеттің салдарынан кең көлемде аталып өте алмаған шараны қала билігі телеарналар арқылы тұрғындарға мерекелік көңіл-күй сыйлай білді. Барлық мәдени шаралар ұйымдастырылған орындардан арнайы репортаждар көрермен көзайымына ұсынылды.

# «АҚЫЛДЫ КҮНБАҒЫС» ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



XXI ғасыр ақпарат және технологиялардың дамыған ғасыры. Инновациялық жаңалықтар халықтың ыңғайлы өмір сүруіне жол ашса, ақылды қала атану мегаполистің бүгіндегі басты міндеті. Міне, осы бағытта Шымкентте көптеген ауқымды шаралар жүзеге асуда. Елімізде қабылданған «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының аясында шаһар тұрғындарының ыңғайлылығы үшін жасалынған жұмыстар жоспарланған жұмыстардың бір парасы екенін ескерсек, жуырда «Ақылды қалалар» эталондық стандартына сәйкес «Ақылды күнбағыс» ақпараттық-танымдық жүйесі іске қосылды. Бұл қандай жүйе? Халыққа пайдасы қандай? деген сұрақтарға жауап берейік.

Аталған жүйе бүгінде қаланың 20 нүктесіне орнатылды. Яғни, халықтың көп шоғырланатын саябақ аумағында. «Ақылды күнбағыс» орындарында тұрғындар телефондарын қуаттап, жалпыға қолжетімді Wi-Fi пайдалануына мүмкіндік береді. Құрылғы күн көзінен қуат алатын панельдер мен аккумуляторлар арқылы жұмыс жасайды.

«Ақылды күнбағыс» кешені Тәуелсіздік саябағының алты жеріне, Орталық саябақтың - 3, Металлург саябағының - 3, Жеңіс саябағының - 3, Дендро саябағының - 3 және Қошқар атаның - 2 жеріне орнатылды. Жалпы түрі өте тартымды орында адамдар демалып және телефонын қуаттап қана қоймай күн сәулесімен қуат алатын жерде кеш мезгілдерінде емін-еркін кітап оқып, бір-бірімен пікір алмаса алады.



# ХАЛЫҚҚА ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУҒА ҚОМАҚТЫ ҚАРАЖАТ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН

Шымкентте тұрғын үйлерді инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мақсатында жалпы 30 нысан құрылысы жоспарланған. Бүгінгі таңда 17 нысанның құрылысы жүргізілуде.

Бұл жөнінде өткен аптада Шымкент қаласы әкімінің төрағалығымен өткен онлайн мәжілісте баяндалды.

Жиналыста сөз алған Құрылыс басқармасының басшысы Е.Ахметов "Шымкент сити" шағын ауданындағы 39 үйге инфрақұрылым тарту үшін 6 нысанда құрылыс жүріп жатқанын айтты.

—Мұнда тамыз айының соңында ауыз су, кәріз, жылу, газ және электр қуаты іске қосылады. Ал, көгалдандыру жұмыстары қараша айында аяқталады, - деді ол.

Басқарма басшысының айтуы бойынша, Әкімшілік-іскерлік орталықта 8 үйдің инфрақұрылымы бойынша 2 нысанда жұмыс қарқынды түрде жүруде. Бүгінгі таңда жұмыстың 80 пайызы аяқталған. Ал, "Тұран" шағын ауданында 25, 26, 28 орамдағы көпқабатты тұрғын үйлерде құрылыс-монтаждау жұмыстары басталыпты. Желтоқсан айында аяқтау жоспарланған.

— Сонымен қатар "Бозарық" тұрғын үй алабына инфрақұрылым тарту үшін 5 нысанда құрылыс жұмыстары басталады. Мұндағы жұмыс келесі жылы аяқталады, — деді Е.Ахметов.

Қала әкімі М.Әйтенов сала мамандарына құрылысты кестеге сәйкес мерзімінде аяқтауды тапсырды.

Онлайн жиында карантин кезінде тұрғындарға әлеуметтік қолдау көрсету мәселесі де талқыланды.

Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау басқармасының басшысы Қасымбек Сайлауовтың айтуынша, Шымкент қаласында аз қамтылған отбасыларға әлеуметтік қолдау көрсету үшін 16,1 млрд. теңге қаралған. Бүгінгі күнге дейін 19 519 отбасыға 4.5 млрд. теңге көмек көрсетілген.

Айта кетейік, "Birgemiz" қоғамдық қорынан 41 630 мұқтаж азаматқа 50 мың теңге көлемінде қолдау көрсетілген. Сондай-ақ, сәуір айында 8 333 отбасының, ал мамыр айында 9 233 отбасының коммуналды қызметтерді пайдалану бойынша шығындары өтелді.

Ал, өтініштерді қабылдау мен қарау 25 маусымға дейін жалғасады.

Дайындаған: Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

*Табиғат – талбесігің*

# ОРМАНДЫ ОТ ШАРПЫМАСЫН ДЕСЕҢІЗ...

Табиғат ананың байлығын сақтап, қастерлеу жер бетіндегі әрбір адамның борышы. Ал, соның ішінде табиғатты сақтап қалу мақсатында құрылған еліміздегі ұлттық табиғи парк қызметкерлерінің маңызды міндеті.

Сайрам-Өгем ұлттық табиғи паркінде өртке қауіпті маусымда мемлекеттік инспекторлардың жұмысы қыза түседі. Ұлттық паркке қарасты филиалдарда осыған орай жергілікті ауыл тұрғындарына, мектептер мен ұжымдарға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, 135 азамат қатысқан жиындарда арналып баяндамалар оқылды. Қатысушыларға орманды өрттен сақтау жөнінде 420 дана естеліктер мен үнпарақтар таратылды. Филиалдарда өртке қарсы күрес бойынша командалар құрамына 35 адам, 12 техника жасақталып, техника қауіпсіздігі туралы нұсқама берілген.

Орман — ел мен жердің, табиғаттың көркі ғана емес, сонымен бірге, тыныс алатын өкпесі. Кейде алқаптар абайсыз болған өрттің әсерінен де отқа орануы мүмкін. Оның орнын қалпына келтіру үшін кемінде 50-60 жылдай уақыт керек. Табиғи паркте ормандарды сақтау және өсімдіктерді молайту —үнемі назарда. Парк ұжымы ормандарды күзету, қорғау және сақтау жұмыстарымен қатар, олардың көлемін ұлғайту ісіне де мән беріп, соңғы жылдарда көптеген шараларды жүзеге асырды. Бос алаңқайлардың 413 гектарына ағаш көшеттері отырғызылды. Соңғы бес жылда 65,5 гектар орман қоры көмкерілген алқаптар санатына қосылды. Көшет отырғызу, оны сатып, мемлекетке қаржы көзін кірістіру жұмыстары да ұлттық парк қызметкерлерімен мықтап қолға алынған. Еселі еңбектің барлығы да парк жұмысын дұрыс үйлестіре алатын білікті басшылар мен қарапайым қорықшы, орманшылардың арқасында жүзеге асуда. Қазіргі карантин мерзімінде ұлттық табиғи парк аумағында демалушыларға шектеу қойылған. Бірақ, осыған қарамастан қорықшылардың еңбегі бір сәтке де саябырсыған емес. Өсімдіктер мен жануарлар байлығын қорғау біздің басты міндетіміз. Орманды от шарпымау үшін оған әрбір тұрғын немқұрайды қарамай, сақтық шараларын ұстану арқылы біздің жұмысымызды жеңілдетіп, табиғат анамызды келешек ұрпаққа сұлулығымен ұсына алады.

**Ахат ТАСТАНБЕКОВ,**
*Сайрам-өгем МҰТП ЭАжТ*

# КАК ЭТО БЫЛО

## Основные направления реформы МВД в 2003-2005 годах



23 июня - казахстанская полиция отмечает очередную годовщину со Дня своего образования. Этот праздник - дань уважения профессионализму и мужеству сотрудников органов внутренних дел, лучшим традициям служения своей Родине и народу, которые закладывались многими поколениями защитников правопорядка. История становления казахстанской полиции тесно связана с историей развития нашей страны. С первых дней Независимости органы правопорядка успешно выполняют поставленные руководством страны задачи по обеспечению стабильности, охраны общественного порядка и борьбы с преступностью.

Будучи в разные годы руководителем районного и областного звеньев, Акимом области, руководителем центральных государственных органов мне часто приходилось сталкиваться с работой правоохранительных органов. Этот бесценный практический опыт и знания мне очень пригодились, когда в 2003 году Указом Президента РК Н.А. Назарбаева я был назначен Первым гражданским Министром внутренних дел. Это было огромное доверие со стороны Главы государства и в свою очередь требовало большой ответственности, самоотдачи и реальных результатов.

Была поставлена четкая задача провести кардинальную реформу в МВД, усилить доверие населения к этой важной государственной структуре.

За два года при непосредственной поддержке Нурсултана Абишевича была проведена колоссальная работа по реформе казахстанской полиции, положительное влияние которой чувствуется до сих пор. Не секрет, что многие нововведения тех лет в МВД Казахстана, активно внедряют при реформировании правоохранительной системы некоторые страны СНГ.

На одном из первых совещаний я дал установку на полную регистрацию заявлений граждан. Согласно существовавшей практике в МВД был жесткий спрос за процент раскрываемости, поэтому полицейские логически регистрировали не все совершаемые преступления. Когда пострадавшие обращались с заявлениями, полицейский делал все возможное, чтобы не допустить их регистрации. Представьте, у вас украли корову, вы приходите с заявлением в полицию с надеждой на то, что вор будет найден, а имущество возвращено. Вам же отказывают в регистрации и еще упрекают за то, что нужно было лучше следить за своей коровой.

После подобного отказа ни о каком уважении и доверии к полиции речи быть не могло. Другой вариант, когда ваше заявление зарегистрировали и предприняли все меры к раскрытию преступления. Даже если его не раскрыли, у вас это не вызовет такой агрессии ,как в первом случае. Такое усиление учетно-регистрационной дисциплины ,а в течение года мы увеличили регистрацию на 27%, у всех оно вызвало негативный шок. А по сути полиция стала на 27 процентов честнее перед своим народом !

При этом был жесткий контроль за раскрываемостью тяжких и особо тяжких преступлений. Уровень их раскрываемости был на уровне 80%. Также в МВД были утверждены и действовали три специальные программы по противодействию кражам квартир, скота, сотовых телефонов. Эти преступления составляли более половины всех регистрируемых преступлений.

Серьезные реформы были проведены в службе участковых инспекторов полиции. Это главное звено полиции, которое работает непосредственно с населением. Общественное мнение о полиции в основном формируют именно они. Был реально поднят статус этой службы. Мы определили по стране 5500 участков с оптимальной нагрузкой на участкового инспектора. Ввели дополнительно 3500 должностей помощников участковых, чтобы они работали в спарке. За счет бюджета МВД им всем подняли заработную плату в 3 раза. Далее мы внесли изменения в Указ Президента по единой системе оплаты труда, тем самым узаконив достаточно высокую зарплату участковых инспекторов.

Кроме того участковые инспектора полиции получили автотранспорт, началось обеспечение их квартирами с условием дальнейшей передачи в собственность после 10-летней их добросовестной службы. Была внедрена практика отчета участковых перед населением. Эти меры позволили снизить текучесть кадров в этой службе, повысить их роль в системе МВД. . Активно начал развиваться институт консьержей. Они были хорошим подспорьем в работе участковых. Часть их работала добровольно, а другая часть получала зарплату из фонда общественных работ. Консьержи имели удостоверения и их выбирали на общих собраниях жителей.

Огромная работа была проведена по материально-техническому и социальному обеспечению органов внутренних дел.

В рамках реформ, в пилотном режиме стали создаваться базовые – образцовые районные отделы внутренних дел. Этот проект предполагал хороший ремонт, полную комплектацию рабочих мест, обеспечение достаточным автотранспортом, жильем и компьютерами. Первый образцовый базовый район был создан на базе Мактаральского РОВД Южно-Казахстанской области. Только за один 2004 год по стране было создано около 40 образцовых РОВД. В них реально рядовые сотрудники полиции получили достойные условия для работы. Базовые органы стали примером и высоким стандартом для других подразделений.

Продолжалась работа по повсеместному внедрению центров оперативного управления, оснащенных по последнему слову техники. Впервые в Казахстане были внедрены системы видеофиксации нарушений правил дорожного движения.

Зная о слабом материально-техническом оснащении спецподразделения «Сункар», я настоятельно попросил Премьер – Министра страны Д.К. Ахметова ознакомиться с работой данного подразделения. Итог этого визита был на столько плодотворным, что это спецподразделение получило новое здание с соответствующим полным техническим оснащением, общежитие и квартиры. Бойцам подразделения была в 3-4 раза повышена заработная плата. Материально – техническое и финансовое укрепление спецподразделений МВД было очень своевременным и нужным шагом, ведь именно они первыми противостоят террористам и особо опасным преступникам .

В сжатые сроки во всех ДВД на уровне областных центров была внедрена система оказания услуг населению по принципу одного окна, сделанный по мировым стандартам.

В ходе проводимых реформ большое внимание уделялось кадровому обеспечению и вопросам мотивации их к добросовестному труду.

Была проведена аттестация руководящего состава сотрудников ОВД. Нам нужно было в короткие сроки узнать реальный потенциал руководителей областного и районного звеньев, разъяснить им суть наших проводимых реформ в системе МВД. Согласно графику каждую субботу мы приглашали в МВД по десять руководителей, которые в воскресенье сдавали нормативы по физической подготовке и стрельбе, в понедельник проходили в Агентстве по делам государственной службы тестирование на знание законов и проходили аттестацию в специально созданной комиссии.. В состав комиссии входили замминистры МВД ,авторитетные руководители подразделений органов внутренних дел и совета ветеранов. По результатам аттестации лучшие включались в резерв кадров, а не прошедшим аттестацию давали полгода на устранение недостатков. По итогам, в понедельник вечером я проводил с ними полуторачасовую беседу.

Через такую процедуру прошли более 300 руководителей. Руководителей служб , показавших во время аттестации высокие результаты, мы включали в резерв на выдвижение, части из них присуждали внеочередные звания, а часть повышали в должностях. Пятерых из них направили на обучение в Москву в Академию управления МВД России. Они с успехом окончили ВУЗ и сегодня работают на высоких должностях.

По договоренности с тогдашним Министром внутренних дел РФ Рашидом Гумаровичем Нургалиевым, мы провели жесткий конкурсный отбор из числа первокурсников учебных заведений системы МВД Казахстана и направили 75 слушателей в Московский Университет МВД России, Волгоградскую следственную школу, Омскую Высшую школу МВД.

Уже позже, работая Чрезвычайным и Полномочным Послом Казахстана в России, я принял участие в торжественной церемонии вручения дипломов выпускникам Московского Университета МВД РФ. Из 600 с лишним выпускников этого учебного заведения, включая ее филиалы, на отлично окончили в том году всего 20 выпускников, и 11 из них были наши казахстанцы . Чувство гордости за наших талантливых ребят переполняло меня. Представьте, 11 слушателей из 20 направленных нами на учебу в Московский Университет МВД РФ окончили с отличием. По оценке кураторов Академии казахстанская группа была самая лучшая. Думаю,что это результат того, что был проведен тщательный и объективный отбор слушателей.

Также мы впервые на конкурсной основе провели отбор кадров для дорожной полиции . Были определены конкретные квалификационные требования и строгий порядок назначения на имеющиеся вакантные должности.

На основе функционального анализа и факторно-бальной оценки работы сотрудников полиции была проведена большая работа по повышению мотивации к работе сотрудников ОВД. В результате проведенной работы по оптимизации штатной численности аппарата, сокращению хозяйственных расходов, стало возможным премировать отличившихся сотрудников полиции. Часто премии составляли 2-3 оклада. Как показала практика, правильная мотивация дисциплинирует сотрудников, повышает эффективность их труда.

Впервые с советских времен было заменено форменное обмундирование сотрудников органов внутренних дел. Для военного человека форма является особым атрибутом, с которого начинается гордость за свою профессию. Создание новой форменной одежды заняло много времени и сил. К этой работе были привлечены известные модельеры Казахстана, еженедельно обсуждали детали форменной одежды с привлечением самих полицейских, которым предстояло ее носить. В результате такой работы форма казахстанского полицейского стала современной, удобной, учитывала климатические особенности регионов.

Считаю, что эти два года в истории МВД были достаточно интересные и насыщенные. Любые реформы всегда продвигаются сложно, часто осмысление приходит с годами. Сейчас, почти через пятнадцать лет осознаешь, что те первые шаги реформы органов внутренних дел стратегически были в правильном направлении и достаточно эффективные. И это заслуга всех сотрудников МВД того времени. Многие начатые тогда дела по совершенствованию деятельности казахстанской полиции продолжаются и сегодня.

Пользуясь случаем, хотелось бы поздравить ветеранов и всех сотрудников органов внутренних дел с профессиональным праздником и пожелать благополучия и успехов в благородном деле.

**Заутбек ТУРИСБЕКОВ,**
*Первый заместитель Председателя Всемирной ассоциации казахов, Министр внутренних дел РК в 2003-2005 годах.*


Оразұлы Мұрат (1916 – 09.1942 ж.ж.)


Оразұлы Айтымбет (1912 - 07.1942 ж.ж.)


Оразұлы Успахмет (1919 ж – белгісіз жоғалған.)

# СОҒЫСТЫҢ ЗАРДАБЫ

- Ия, соғыс ешкімді аяған жоқ және еш уақытта аямайды, оның дәлелі мынау -статистика. Екінші әлемдік соғыста 48 млн адам көз жұмды, оның ішінде тек бұрынғы Кеңес Одағынан 27 млн адам қаза тапты. Сол кезде Қазақстаннан 1 млн 200 мың адам соғысқа қатысты, бұл біздің сол кездегі еліміздің 20 пайыз тұрғындарын қалыптастырады. Соғыс кезінде 600 мың Қазақстандықтар өмірінен айырылды, оның ішінде 350 мың қазақтар немесе 58 пайыз құрады.

Осы уақытта өмір сүрген адамдардың тағдыры өте қиын болды. Азаматтық соғыстың жаралары енді-енді қайтайын дегенде, ашаршылық пен күшпен коллективизациядан енді құтылған. Ал, көз алдынан әлі 1937 жыл кеткен жоқ еді.

Осы тарихи уақытты бүкіл Қазақстандықтармен бірге өткізген қарапайым, менің нағашы аталарым, Оразовтар отбасы еді. Ораз бабамыз бен Шәмсия әжеміз қазіргі Төлеби ауданы, Көксәйек ауылында өмір сүрген. Еңбек құмар, қарапайым Ораз бабымыз және әжеміз өз балдарын еңбек сүйгіш етіп өсірген.

Ең үлкен ұлы Оразов Айтымбет 1912 жылы туылған. Айтымбет атамыз "8-март" колхозының құрылуына белсене қатысқан, колхозда бірінші тракторист-комбайнер болған.

Екінші ұлы Оразов Мурат 1916 жылы туылған. Үшінші ұлы Оразов Успахмет 1919 жылғы. Төртінші ұлы Оразов Молдахмет 1920 жылы туылған. Бесінші перзенті, біздің анамыз Оразова Машан 1922 жылы дүниеге келген.

Оразовтар отбасы бүкіл Көксәйек елді мекеніне белгілі болған. Өздерінің бау-бақшасы және мал шаруашылықтарын адал еңбектерімен жақсы жобаға қоя білген. Сол кезде Оразовтар отбасы бірнеше отбасыларға өз көмегін тигізген және бір қатар жетім балдарды өз отбасына алып қамқорлық жасаған. Осы күнге дейін ауылдың қарттары Оразовтардың отбасының жақсылығын ұмытпайды.

1941 жылдың 22 маусымында соғыстың басталғаны жайлы бүкіл елді дүр сілкіндірген хабар сол кездегі Көксәйек ауылының тұрғындарына да төбеден жай түскендей әсер етті. Ел басына ауыр күн туғанда, Шамсия Балтабайқызы әжеміз Ораз бабамызбен 5 перзентімен өмір сүріп жатыр еді. Ер-азаматтармен бірге Ораз бабамыздың балдары майданға аттанды.

Бірінші болып үлкен ұлы Айтымбет соғысқа аттанды. Соғысқа дейін отбасы құрып үлгерген Айтымбет атамызға Анар апамыз екі перзент дүниеге әкелді, ұлы ӘбдіқаҺар 1935 жылғы, қызы Шарипа 1940 жылғы.

Анамыз Машанның айтуынша, өз ағасын Шымкетке дейін шығарып салған. Ол кезде өгіз арбамен Көксәйектен Шымкентке дейін 6-7 сағат жүреді екен. Айтымбет атамыз қарындасы Машанға «Сен үлкен қыз болдың, ағаларыңды әскерге алып кетсе сен анаңа көмекші бол, кішкентай бауырларыңды жақсы тәрбиеле, біз соғыстан жеңіспен қайтамыз» деп айтып кеткен екен.

Айтымбет атамыз 7-ші кавалерийский корпустың 7-ші ротасында Сталинград майданында соғысқаны туралы бірнеше хаттар келген.

Айтымбет атамыздан кейін інілері Мұрат 1916 жылғы, Үсіпахмет 1919 жылғы және Молдахмет 1920 жылғы біріненкейін бірі соғысқа аттанады. Хат пен суреттері тек Айтымбет және Мұрат аталардан келген. Ал, Үсіпахмет пен Молдахметтен ешқандай хабар келмеген.

Ал, 1943 жылдан бастап 2-3 ай аралығында Оразовтардың төртеуіне де «қара хат» келеді. Бәрінде де "Ваш сын пропал без вести ..."– деген. Өз ағаларын майдан сапарына шығарып салған анамыз "Төртеуі де біз жеңіспен қайтамыз" деген сөзін кешегі күнге дейін айтып жүрді. Ағаларының соғыста қайтыс болғанына сенбей, оларды әр уақытта күтіп жүрді.

Өзінің жарының және оның үш бердей боздақ інілерінің "қара хаттарын" көріп, Анар апамыз көп ұзамай науқастан қайтыс болды.

Осылайша Оразовтардың отбасында соғыс аяқталмай жатып 5 адамнан айырылады. Шәмсия - әже 70-тен асқанда кенжетай қызы Машан және немерелері жеті жасар ӘбдіқаҺар мен 4 жасар Шарипамен отбасында қалады. Әжемнің көрген қиыншылығын айтпай-ақ түсінуге болады.

Ерте еңбек жолын бастаған біздің анамыз Машан және Ораз бабасындай, әкесі Айтымбеттей еңбек сүйгіш нағашымыз ӘбдіқаҺар, барлық қиыншылықтарды жеңіп шықты. Анамыз Машан 40 жылдан аса бір колхозда қызмет етті. Ел арасында абыройлы болды. 1948 жылы анамыз Машан әкеміз Тұрашбеков Құрбанәлімен отбасын құрып 5 ұл және 3 қыз дүниеге алып келді. Әкеміз Құрбанәлі 1977 жылы қайтыс болды. Анамыз Машан немере, шөбере және шөпшек көріп, осыдан бірнеше жыл бұрын дүние салды.

Балалық шақты бір есте қалған нәрсені айтқым келеді. Өздеріңізге белгілі Кеңес Одағы кезінде 9-Мамыр Жеңіс күнін керемет атап өтетін. Әр үйде жақсы дастархан жайылып мереке болатын. Бірақ біздің анамыз сол күні қатты қайғыға берілетін. Қонақтар кеткенде өзі отырып қатты күрсініп жылап алатын. «Соғыстан ағаларым аман-есен оралғанда қанша шаңырақ болар еді» деп анамыз арман етіп айтып отыратын. Біз оны бала кезімізде түсінбеппіз.

Көкіректегі бір өкініш ол анам тірі кезінде, анамның ағалары туралы жақсы бір материал жазбаппын.

Ал, Айтымбет атамыздың баласы-Айтымбетов ӘбдіқаҺар 1960 жылы Алтынбекова Шара Садыққызымен отбасы құрып төрт перзент сүйіп, олардан 10 немере және 6 шөбере көріп келеді. Қызы –Шарипа күйеуі Тастемір Ділдәбековпен көпбалалы отбасы құрып,"Алтын алқа " иегері атанды.

Міне, мен сіздерге қысқаша бір Оразовтар отбасының өзбастарынан Соғыстың зардабын кешкенін жеткізгім келді. Бұл зардапты мыңдаған Қазақстанда тұрып жатқан отбасылары көрді ғой.

Қайран! Соғыс майданына аттанып бара жатқан 18-бен 50 арасындағы отандастарымыз ешқайсысы соғыста қаза табамын деп ойлаған жоқ. Олардың арманы сүйген Елін, өз Отанын қорғап, жеңіспен отбасыларына, туған еліне қайту еді.

Бірақ көбісінің бұл арманы орындалмады, ол сұм Соғыстың заңы ғой.

Аталармен, әкелер жеңісі-біздің жеңісіміз, біздің бақытты өміріміз. Соғыс және еңбек майданында аянбаған аталарымды, аналарымды және әкелерімді мақтан тұтамын.

Олардың жанкешті ерлігінің арқасында бейбіт өмір сүріп келеміз.

Сондықтан да біз Отанымызды солар секілді шексіз сүюге міндеттіміз!

**Әбдіжаппар ТҰРАШБЕКОВ,**
*Философия ғылымдарының кандидаты, ОҚМПУ доценті.*

# ЕЛБАСЫНЫ КУРСТАСЫ ӘСЕТУЛЛА КАРИМОВ ӨМІРДЕН ОЗДЫ



Елбасының курстасы, теміржол саласының ардагері, киелі Түркістан шаҺарының "Құрметті азаматы" Әсетулла Каримов дүние салды.

Әсетулла Каримов ғұмырын теміржол саласының дамуына арнаған азамат еді. Жақында ғана 80 жасқа толған ол әрдайым туған жерімен мақтанып, киелі мекеннің қасиеті мен руханияты туралы айтып отыратын. 1958-60 жылдары Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен Украинаның Днепродзержинск қаласындағы техникалық училищесінде білім алып, болашаққа бірге қанат қаққан. Тағдыр шіркін, сол кезеңде талай жанды өз өмір жолына тәрбиеледі. Украинада тәлім алып, туған жеріне қайтқан Әсетулла Каримов Түркістандағы ғасырдан астам тарихы бар теміржолда талай еңбек етті. Зейнеткерлікке де осы жерден шықты. "Айғақ" телеарнасына сәуір айында берген соңғы сұқбатында Түркістан қаласының түрленіп, әрі гүлденіп келе жатқан осынау игілікті істің бастауында Елбасының еңбегі орасан екендігін мақтанып айтып беріп еді.

Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев Каримовтар отбасына көңіл айту жеделхатын жолдады.

Әсетулла Каримовтың қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

# «ГҮЛЗЕЙНЕТ» ДЕП ҚЫЗЫМНЫҢ АТЫН ҚОЙДЫ...

1929 жылы дүниеге келіппін. Қазіргі Ордабасы ауданында мақташы болып істедім. Кетпен шаптым. Орақ ордым. Тынбадым. Таңның атысы мен батысында үй бетін көрмей еңбек ететін едім. Өйткені, жастық шақ соғыс кезімен тұспа-тұс келді. Қиын кезең еді. Өкініштісі - екі ағам Қойшы мен Саламатбай Ұлы Отан соғысына аттанды, содан елге оралмады. Әке-шешемнің кіндігінен 10 перзент тарағанымен, аман қалғаны үшеуіміз еді. Екі ағамнан айырылған соң жалғыз қалдым...

Молда Назар ақын – ұзын бойлы, аққұба өңді, жайдары, әңгімесі маңызды, сабырлы, кішіпейіл, көпшіл адам еді. Ол кісінің қызы Рсалы екеуіміз 1946 жылы бір шаңыраққа келін болып түскеннен бастап жақсы араластық. Атам Қалмахан мен енем Дәліш аққөңіл жақсы жандар еді. Рсалдының күйеуі Өтеген алты жасында ата-анадан айырылып, әпкесі Дәліштің қамқорлығында өскен екен.

Бір айта кетерлігі Назар ақын мейірімді еді. Менің басымдағы қиындықты жақсы түсінетін. Қызы екеуіміз бір үйдің келіні болғандықтан, қызындай көрді білем, сәлем салдырмайтын... «Сағатжан, Сағатжан» деп еркелетті... «Алтынның сынығы, айналайын»-деп айналып-толғанып отыратын. Рсалының күйеуі анадан алты жасында қалған екен, туған әпкесі, менің енем бауырына басып өсірген. Сол үшін атам Қалмахан ұлдары Сейдахмет екеуін бірге үйлендірген.

Біз ауылдағы Пушкин көшесінде ауылдас болып тұрдық. Ол кісінің өлеңдерін естісек, жаттап алуға тырысатын едік. Есімде қалғаны ауылда Жарықбас деген кісінің ұлы Мәскеуге барып келіп, сол жақтың әңгімесін айтып отырғанда Назар ақын келді.

Елтір тонның жағасы,
Ассалаумағалейкум, ағасы!
Мәскеу барған қаласы,
Жарықбастың баласы.
Өлең жазып отырған,
Назар деген ағасы, - деп бірден келе салып өлең шығарғанда, ол кісінің суырып салма ақындығына қызыққан едік.

Ауылға, елге сыйлы болатын. Қыз босанғанымда:

- Гүлзейнет деген ел басқарған әйел болған ертеректе. Сейдахметтің қызының аты-Гүлзейнет болсын, - деп қызымыздың атын қойған болатын.

**Сағат ӘБІЛДАҚЫЗЫ,**
*Төлеби ауданы, Леңгір қаласы.*

# БАСҚАРУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Менеджмент тура мағынасында «адамдарды басқару» ұғымын білдіреді. Менеджменттің отаны болған АҚШ-та корпоративтік бизнес пен мүлікке билік жүргізуді жүзеге асыру бойынша міндетті, заңға сәйкес өз мойнына алатын тұлғаны менеджер деп айтамыз. «Менеджмент» термині американдықтар үшін фирманың алға қойған мақсаттарына қол жеткізудегі материалдық және адамдық ресурстарды әлдеқайда тиімді пайдалануды және интеграцияны қамтамасыз ететін процесті білдіреді. Басқаша айтқанда, менеджмент – бұл нарық жағдайында фирманы және оның қызметтерін басқаруды теориясымен іс-тәжірибесі.

Менеджмент – нарықтық экономиканың қажеттіліктері мен жағдайына толығырақ жауап бере алатын басқару типі.

Менеджмент еркін кәсіпкерлік, бәсекелестік, экономикалық уәждеме жағдайларында туған нақты басқарудың өзінше тұжырымдамасында пайда болып, рәсімделеді.

Басқару типі ретінде менеджменттің негізгі белгілеріне мыналарды жатқызуға болады:

• Адам, оның қажеттіліктері, мүдделері, уәждері, құндылықтары, нұсқамалары басқаруды ұйымдастырудың бастапқы сәті мен оны жүзеге асырушысы болып табылады.

• Басқарудың тәсілдемесінде, принциптерінде және әдістерінде экономикалық құралдар мен басқару әдістерінің артықшылықтары беріледі.

• Менеджер мен қызметкерге қойылатын басты талап ретінде көрінетін кәсіби тұрғыдан басқару менеджментке тән. Менеджер экономикалық және әлеуметтік-психологиялық білімдерді игеріп оқуы керек.

• Ұйымдастыру ісінде менеджментке жағдайдың өзгеруіне қарай және инновациялық типті ұйымдастыруда, яғни жаңашылдыққа жылдам бейімделе алатындай басқаруды икемді ұйымдастыру тән.

• Менеджмент менеджменттің жеке басына қойылатын талаптардың кешенін танытуы керек. Олардың ішіндегі негізгілері: тапқырлық, байланысқа бейімділік, сенімділік. Бұл сапалар басқару өнерін танытуда маңызды рөл ойнайды.

Менеджментте бастысы – ең алдымен кәсіпорынның мүддесін көздейтін нақты мақсаттарды (ұзақ мерзімді, алдағы кезеңдік және ағымдық) белгілейді.

Менеджментте басты тұлға, әлбетте, менеджерлер (басқарушы) болады. Менеджерлік қызметтің мәні өзгеріссіз қалады, тек менеджердің функциялары мен оның қызмет әдістері ғана өзгереді.

Осы заманғы менеджерді қоғамдық өндіріс жүйесінде былайша көрсетуге болады: басқарушы, дипломат, лидер, тәрбиеші, жаңашыл (жаңа идеяларды тез қабылдайды деген мағынада), адамдық асыл қасиеттерді бойына сіңірген тұлға.

Менеджер жемісті еңбек ету үшін мыналарды ұмытпайды: жұмыскерлер оған емес, ол-жұмыскерлері үшін қызмет етуі керек. Жүйе тоқтаусыз жұмыс істеуі үшін ол екі жаққа да пайдалы болуы керек.

Өз кәсіпорыны үшін жаңа нарықты таба алатын әрі нарықтағы өзгерістерге бәсең жауап беріп қана қоймай, нарықты өзгертуге ықпалы бар маман, білікті менеджер болып саналады.

Менеджердің жұмыс тиімділігі қолжеткен нәтижелер мен кәсіпорын шығындарының арақатынасымен өлшенеді. Мұндай ұйымдағы менеджердің мақсаты – аз шығынмен мол нәтижеге қол жеткізу болып табылады.

Басшылық ісінде жетістікке жету үшін менеджердің үшептілігі болуы керек: біріншісі – нақтылығы, мұның мағынасы былай: ол нақты пәндермен жұмыс істеу алуы керек; екіншісі – тұжырымдылығы, яғни тұжырымдамалықептілігі; үшіншісі – адами-ең бастыептілігі

Күнделікті тұрмыста менеджмент сөзі белгілі бір ұйымдағы барлық адамдардың қызметіне басшылық етумен шұғылданып, өз мақсатына жетуді білдіреді. Тіпті, білікті басқару саласының өзінде де менеджмент ұғымы түрліше түсіндіріледі.

Сонымен, менеджменттің бастапқы ұғымы - бұл басшылық.

«Менеджмент» ұғымының анықтамасына сүйенетін болсақ, онда менеджмент дегеніміз қазіргі индустриялық қоғамда жұмыс істейтін экономикалық орган. Менеджмент қабылдаған кез келген әрекет, кез келген шешім –бұл экономикалық сипаттағы шаралар.

Сонымен, менеджменттің тиімділігін және менеджерлердің іс-әрекетін экономикалық табыстар, экономикалық нәтижелер арқылы ғана таразылауға болады.

Кәсіпорын ең сапалы, әрі бағасы біршама арзан тауарларды шығара алуы немесе бәсекелестеріне қарағанда ең тәуір қызмет көрсете алуы тиіс.

Менеджменттің міндетіне, басшылық етуіне жаңа рыноктарды игеруіне жұртшылықтың мұқтажын қанағаттандыру жатады. Егер кәсіпорын нашар әрі тиімсіз жұмыс істесе, онда оның жаңа қожайыны жұмысшыларды емес, басшыларын ауыстырады. Сонымен, менеджмент дегеніміз ұжым (коллектив) жұмысын ұйымдастыру. Кәсіпорын жұмысын ұйымдастырғанда, қызметкерлер мұқтажын барынша толық қанағаттандыруды, олардың жұмысын жандандыруды, әрі тиімділігін арттыруды көздеу қажет.

Менеджментті жеке адамдар арасындағы психологиялық қарым-қатынасқа тәуелді етеді де, бұлар материалдық жағдайларға тәуелсіз ретінде қарастырылады, өйткені соңғы айтылғанның алуан түрлілігінде шек жоқ.

Менеджмент – дәстүрлерді, тарихты, концепцияларды, институттарды, теория мен практиканы қамтитын бүкіл адам мәдениетінің элементі. Бұл талассыз дәлелденген қағида.

**Алия МЕНДЫБАЕВА,**
*Түлкібас агробизнес және саяхат*

# ЗА ТАЛАБЫ - ҚАТАҢ

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне қоғамда кездесіп жатқан келеңсіз оқиғаларға жол бермеу арқылы құқық бұзушылыққа тосқауыл қою-Заң талабының қатаң екенін көрсетеді. Бірақ, көбіне бұл мәселеге салғырт қарайтындар да кездеседі. Мәселен, қолданыстағы Кодекстің 608-бабына келсем, мұнда жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде басқаруы, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның басқаруына беру туралы айтылған. Масаң күйде көлік жүргізу және өз көлігін ащы судан ұрттап алған адамға сеніп беруі қылмысқа апарып соғады. Мұндай кезде жол апаты көбейеді, адам өміріне, денсаулыққа қауіп төнеді. Осыны түсінсе де, жауапкершілікті сезінбеудің соңы өкінішке ұрындырып жатады. Жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде басқаруы, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның басқаруына берген кезде қылмыс орын алса, онда он бес тәулікке әкімшілік қамаққа алынады, жеті жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылады. Бұл жағдай өзі үшін де, отбасы үшін де қиындық тудыратыны айтпаса да түсінікті.

Мәселен, бұрынғы 608-бап бойынша қылмысқа жол берген жүргізуші үш жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылса, Заңға өзгеріс енгізілгеннен кейін 7 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылатын болды, сонымен бірге, он бес немесе жиырма тәулікке қамауға алынады...

Негізі, жүргізуші көлікті жүргізер алдында міндетті түрде «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 608-бабымен оқып, танысып алғаны дұрыс.

Жүргізуші жауапкершілікті сезінбесе, құқық бұзушылықты тағы да қайталауы мүмкін...

Заң талаптарын бір мақалаға сыйдыруға мүмкіндік жоқ, біз оның бірқатарына ғана тоқталып отырмыз. Айта кететін мәселе - осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – жиырма тәулікке әкімшілік қамаққа алуға және сегіз жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға алып келеді.

Құқық бұзушылыққа деген заң барынша қатаңдатылды. Өткен жылдың алты айында осы мәселе бойынша 304 іс қаралған болса, ал, үстіміздегі жылдың осы уақытына дейін 169 іс қаралды. Көріп отырғанымыздай, заң талабы қатаң болған соң құқық бұзушылық та кеміп келеді. Ылайым солай болғай!

**Айнұр ОСПАНОВА,**
*Шымкент қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы.*

# БАҒЫТЫМЫЗ АЙҚЫН, ЖОЛЫМЫЗ АШЫҚ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйекте «Сындарлы қоғамдық диа-лог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі » атты Қазақстан халқына Жолдауында «Отыз жылға жуық уақыт бұрын халқымыз өзінің Тәуелсіздігін жариялап, бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманын орындады. Осы уақыт ішін-де Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен еліміз әлемдегі беделді әрі орнықты мемлекетке айналды.

Баянды бірлігіміздің арқасында тәуелсіздігімізді нығайтып, халқымыздың жағдайын жақсартуға жол аштық. Бұл жасампаздық пен ілгерілеу, бейбітшілік пен келісім кезеңі болды» - деп атап өтті.

Шынында, тәуелсіздік алған жылдары қол жеткен жетістіктерді еселеп, Қазақстанды дамудың жарқын белестеріне шығару үшін сот саласының жұмысын жандандырудың маңызы ұшан-теңіз.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі осы алға қойған мақсаттарға жету жолында кедергілерді болдырмай, заң та-лаптарын қатаң орындау арқылы құқық бұзушылыққа жол бермеудің ал-ғышарттарын орындау мүд-десін алға тартты.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 27 тарауы 488-1-баппен то-лықтырылды. Мұнда спорт-қа қатысты мәселе бар. Спорт-денсаулық кепілі. Шыныққан дене мен қимылды көп жасаған ағзаның ауруға қарсы иммунитеті жоғарылап, суыққа төзімді болатыны белгілі. Бұқараның және жасөспірімдер мен спортсүйер қауымның кедергісіз спортпен шұғылдануына бізде көп жағдай жасалып келеді. Өйткені, спорт - салауатты өмір сүрудің бір бөлігі. Өкінішке орай, спорттық – бұқаралық ойын-сауық мәдени - бұ-қаралық іс-шараларды өт-кізуді ұйымдастыру тәртібін бұзу фактілері де кездесіп жатады. Сондықтан да, мұнда - 488-1-бап бойынша спорттық – бұқаралық ойын-сауық мәдени - бұ-қаралық іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру тәр-тібін бұзу туралы көрсетілген. Сондай-ақ, спорттық және спорттық - бұқаралық, ойын-сауық мәдени бұқаралық іс-шараларды өт-кізуді ұйымдастыру тәртібін жергілікті атқарушы органдарға мәдениет және дене шынықтыру және спорт туралы заңнамада көзделген ақпарат бермеу немесе уақтылы бермеген жағдайда да бұл - құқықбұзушылыққа жатады. Мұндайда:

Жеке тұлғаларға - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

Ал, аталған баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап әрекеттер (әрекетсіздік) жасалса, онда жеке тұлғаларға - қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

Бұл - спортты дамыту бағытында жасалып жатқан алғышарттардың бірі. Шымкент қаласының мамандандырылған әкімшілік сотында осы бағытта түскен іс дер кезінде қаралып, қорытынды шығарылады. Сотта қаралған әрбір істің астарында жатқан басты мәселе – әкімшілік құқықбұзушылықтың болмауы үшін алдын-ала түсіндіру жұмыстарымен бірге, Заң талаптарының сапалы орындалуына ықпал ету. Бұл бағытта алдағы кезде атқарылар іс ауқымды. Бағытымыз айқын, жол ашық.

**Әбдімүтәліп БЕКТҰРҒАНОВ,**
*Шымкент қаласының мамандандырылған әкім-*

АЙҒАҚ MEDIA
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаң-тарда есепке қойылып,

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ»Медиа» ЖШС

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ НАУШАБАЕВА - Бас редактор
Сейсенбай АХМЕТ - журналист

РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:
160000, Шымкент қаласы, Ғ. Іляев көшесі, 29.
E-mail:aigak@mail.ru www.aigak.kz
Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші
Сандуғаш ӘБДІҒАППАРҚЫЗЫ - Жарнама
Олжас ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ - Тарату бөлімі

А Мақаланың жариялану ақысы төленген.
Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,
Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25
Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 747 123 45 89

Газет таратйтын облыстар мен қалалар:
Нұр-Сұлтан, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтау, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Жазылу индексі 65836 16+

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «M-press» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі №18 үй

Тапсырыс: №
Таралымы: 7000

Нөмірдің кезекші редакторы - Сандуғаш Әбдіғаппарқызы

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. «Айғақта» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

## Жарамсыз деп танылсын!

*** ЖК «Тастанов Қ.Қ.» атына тіркелген мөрдің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** ЖК «Шарипова» аты -на тіркелген мөрдің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** ЖК «Тенгебай» аты-на тіркелген мөрдің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1996 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 4 курс студенті Пердешов Жанибек Анварович тиесілі студенттік билетінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1999 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 4 курс студенті Жанен Саят Сейтмұратұлына тиесілі студенттік билетінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1997 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 5 курс студенті Жылхайдар Дариға Қанатқызына тиесілі студенттік билетінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1998 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 4 курс студенті Жаныкұл Асан Полатбайұлына тиесілі студенттік билетінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1990 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 5 курс студенті Муханова Айгул Нартаевнаға тиесілі студенттік билетінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Тагаева Газиза Жапаровнаға тиесілі Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Ворошилов көшесі, №11 үйдің мемлекеттік акті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1998 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 4 курс студенті Исмайлова Гулноза Бахтияровнаға тиесілі студенттік билетінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1997 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 4 курс студенті Сембек Ержан Бахытұлына тиесілі студенттік билеті және сынақ кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1999 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 4 курс студенті Халтаева Райхона Сабыржановнаға тиесілі студенттік билетінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1997 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 4 курс студенті Нышанбай Медет Құлажанұлына тиесілі студенттік билетінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1997 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 4 курс студенті Исаев Нұрқасым Мұхтаровичке тиесілі студенттік билетінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1998 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 4 курс студенті Мирзалиева Улбике Исроил қизина тиесілі студенттік билеті және сынақ кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1997 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 4 курс студенті Манет Гүлзада Бекмұратқызына тиесілі сынақ кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1998 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 4 курс студенті Баронова Анастасия Валерьевнаға тиесілі студенттік билетінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** ЖК «Ханалиева Венера Ринатовна» (800818401257) атына тіркелген мөрдің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

---

Республикалық «Айғақ» газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы Шардара ауданының әкімі Қайрат Жолдыбайға інісі
**Ернардың**
қайтыс болуына байланысты қайғыра көңіл айтады.

Республикалық «Айғақ» газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының бірінші орынбасары Ақберен Елгезекке анасы
**Тұрлығайша Әбенқызының**
қайтыс болуына байланысты қайғыра көңіл айтады.

Республикалық «Айғақ» газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы Арыс қаласы, Қызылкөпір ауылындағы №3 орта мектептің директоры Жұмахан Керімбайға
**анасының**
қайтыс болуына байланысты қайғыра көңіл айтады.

Республикалық «Айғақ» газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы Түркістан облысының Құрметті азаматы, «Домалақ ана» қорының президенті Алтынбек Төлепбековке інісі
**Алтай Төлепбековтің**
қайтыс болуына байланысты қайғыра көңіл айтады.

Шымкент қаласындағы ақын жазушылардың «Қаламгер» әдеби бірлестігінің мүшелері 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының куәгері, республикалық «Желтоқсан ақиқаты» қоғамдық бірлестігі Шымкент қалалық және Түркістан облыстық филиалдарының төрағасы
**БАТЫРХАН ТҰРАРҰЛЫ САҒЫНТАЕВТЫН**
қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен ағайын-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылқұм өңірін игеруге, Жылжымалы механикаландырылған колоннаның басшысы ретінде елеулі үлес қосқан бауырымыз
**Налиханов Айнабектің**
мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты ұжымдастары отбасының, туған-туыстарының, бауырларының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## Открылось наследство

*** Умерла Фионина Бактыгуль Затыбековна. Дата смерти 24.04.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу АширкуловС.Б. г. Шымкент, мкр. Нурсат, 126/37. Тел.: 8 /7252/ 97-53-43, 8 702-552-71-77, 8 707-134-25-20

*** Умерла Джанаева Алипа Аскаровна. Дата смерти 03.04.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сейткалиева А.У. г. Шымкент, ул. Мангельдина, 36. Тел.: 8 771-569-55-70, 8 707-769-55-70

*** Умерла Бекбаева Толкинай Исламовна. Дата смерти 23.05.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Уалиханова Ж.А. г. Шымкент, ул. Желтоксан, 6. Тел.: 8 778-578-59-15

*** Умер Акчулаков Нурахмет Рустемулы. Дата смерти 01.07.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Атенова Э.М. г. Шымкент, ул. Ильяева, 4-44. Тел.: 21-21-19, 8 771-144-90-93, 8 775-837-39-67

*** Умер Абдикулов Курманбек Кабылбекович. Дата смерти 31.03.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Ургишбаева Р.О. г. Шымкент, ул. Желтоксан, 12 А. Тел.: 8 702-253-49-23

*** Умер Кулымбетов Жайсанбек Манатович. Дата смерти 08.06.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Ургишбаева Р.О. г. Шымкент, ул. Желтоксан, 12 А. Тел.: 8 702-253-49-23

*** Умерла Османова Хардам. Дата смерти 13.01.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Тогызбаева Г.Ж. г. Ленгер, ул. Толеби. Тел.: 8 778-965-48-58

*** Умер Князев Юрий Дмитриевич. Дата смерти 05.07.2015 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Иманова Г.А. г. Шымкент, 3-мкр., 3В. Тел.: 8 701-729-25-41

*** Умерла Касабаева Орал. Дата смерти 07.01.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Беркулова Ф.Т. г. Шымкент, Таштракт б/н. Тел.: 8 701-890-36-99

*** Умер Козолупенко Павел Николаевич. Дата смерти 21.04.2020 г. Всех наследниковпросим объявиться и обратиться к нотариусу Мамыкова Н.Т. г. Шымкент, пр., Кабанбай батыра, 18/4. Тел.: 8 702-996-27-79

*** Умер Сирока Петр Юрьевич. Дата смерти 24.10.2010 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Иманова Г.А. г. Шымкент, 3-мкр., 3В. Тел.: 8 701-729-25-41

*** Умер Сирока Юрий Петрович. Дата смерти 04.09.2018 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Иманова Г.А. г. Шымкент, 3-мкр., 3В. Тел.: 8 701-729-25-41

*** Умер Абдурахманов Абдугани Анарматович. Дата смерти 06.11.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Тойчи А.Р. г. Шымкент, ул. Джангельдина, 13. Тел.: 8 705-758-88-08

*** Умерла Атчабарова Раушан Елемесовна. Дата смерти 15.10.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сейткалиева А.У. г. Шымкент, ул. Мангельдина, 36. Тел.: 8 771-569-55-70, 8 707-769-55-70

*** Умер Каримбаев Муратжан Разиметович. Дата смерти 18.03.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Тойчи А.Р. г. Шымкент, ул. Джангельдина, 13. Тел.: 8 705-758-88-08

*** Умер УсибалиевГалибек Ратбекович. Дата смерти 27.05.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Есенбаева Г.Р. г. Шымкент, ул. Туркестанская, 2/3. Тел.: 8 701-780-63-44

*** Умерла Есіркеп Үрбибі Шәріпбекқызы. Дата смерти 03.07.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели-Кожа, 1Г, здание ЦОНа, 1 этаж. Тел.: 8 705-682-20-75

*** Умерла Ахметова Анар. Дата смерти 23.01.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кунанбаева Г.Т. г. Шымкент, ул. Ильяева, 22-1. Тел.: 8 701-328-64-22

*** Умерла Тарара Зинаида Петровна. Дата смерти 27.12.2015 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели-Кожа, 1Г, здание ЦОНа, 1 этаж. Тел.: 8 705-682-20-75

*** Умер Тарара Василий Филиппович. Дата смерти 08.11.2003 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели-Кожа, 1Г, здание ЦОНа, 1 этаж. Тел.: 8 705-682-20-75

*** Умерла Асқар Оразкүл Сарыбайқызы. Дата смерти 30.04.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сапаргалиева Ш.Б. г. Шымкент, ул. Ильяева, 2, кв. 19. Тел.: 8 701-655-06-70, 8 771-389-60-72, 8 /7252/21-36-83

*** Умер Расулов Бахтияр Дехканбаевич. Дата смерти 08.03.2020 г. Всех наследниковпросим объявиться и обратиться к нотариусу Сагындыкова К.Ж. г. Шымкент, ул. Дулати, 2, кв. 9. Тел.: 8 705-696-07-72, 8 702-957-94-35, 8 705-361-94-78

*** Умер Джанысбеков Куаныш Делиханович. Дата смерти 06.04.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Назарбеков Р.С. г. Шымкент, 16-мкр., 10, кв. 51. Тел.: 8 707-777-60-63, 8 /7252/ 37-56-11

*** Умерла Жүзеева Канымша Абдезовна. Дата смерти 08.11.2019 г. Всех наследниковпросим объявиться и обратиться к нотариусу Жолшыбекова Н.Е. г. Шымкент, пр. Республики, 27. Тел.: 8 701-710-99-38, 8 700-470-77-73, 8 /7252/ 56-10-94

*** Умерла Абдраимова Гульжан. Дата смерти 16.12.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Султанова А.М. г. Шымкент, ул. Аль-Фараби, 23/3. Тел.: 8 775-353-81-81

*** Умерла Дауренова Оразкуль Абдукаримовна. Дата смерти 15.05.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу АширкуловС.Б. г. Шымкент, мкр. Нурсат, 126/37. Тел.: 8 /7252/ 97-53-43, 8 702-552-71-77, 8 707-134-25-20

*** Умер Әбдіқасым Жақыпбек Тоғысұлы. Дата смерти 08.06.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу АширкуловС.Б. г. Шымкент, мкр. Нурсат, 126/37. Тел.: 8 /7252/ 97-53-43, 8 702-552-71-77, 8 707-134-25-20

*** Умер Сарымсаков Кыдырбай. Дата смерти 31.03.2016 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г. Шымкент, ул. Толеметова, 35. Тел.: 8701-741-27-45

*** Умер Абдраимов Орынбасар. Дата смерти 23.10.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели-Кожа, 1Г, здание ЦОНа, 1 этаж. Тел.: 8 705-682-20-75